

Жезқазған облысындағы Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағын дамыту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 2 қыркүйек N 734. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.02.19 . N 213 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Жезқазған облысында Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағын құру туралы" 1991 жылғы 18 маусымдағы қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағы туралы қоса тіркеліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Жезқазған облысының әкімі:

- он күн мерзімде Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағын басқару жөніндегі әкімшілік кеңесін құрсын;

- әкімшілік кеңесінің аймақтың даму бағдарламасын әзірлеп, оны кейіннен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бекітуге беруіне жәрдемдесетін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті бір ай мерзімде:

- еркін экономикалық аймақтың әкімшілік кеңесімен аймақ аумағында кедендік пункттері бар кеден желілерін құруға байланысты мәселелерді шешсін, оларды ұстау және жұмыс істеу тәртібін шарттық негізде айқындасын;

- Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен және ЕЭА-тың әкімшілік кеңесімен бірлесіп кедендік бақылаудың, еркін экономикалық аймаққа әкелінетін және одан әкетілетін тауарлар мен басқа да мүліктерді әйгілеудің тәртібі мен ережесін белгілесін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті, Материалдық ресурстар министрлігі Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағының жұмыс істеуі мен дамуы үшін қажет орталықтандырылып бөлінетін өнім бойынша материалдық-техникалық ресурстар бөлуді, сондай-ақ оның еркін нарықта өнімдер сатып алуына делдалдық қызмет көрсетуді қарастыратын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық хауіпсіздік комитетімен, Ішкі істер министрлігімен, ЕЭА-тың әкімшілік кеңесімен бірлесіп, Жәйрем-Атасу еркін экономикалық

аймағының аумағында шетел азаматтарының келіп-кетуінің және болуының оңайлатылған тәртібін белгілесін.

6. Қазақстан республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі пайдалы қазбалардың шағын объектілерін өндіріске тарту мақсатында Жәйрем-Атасу ЕЭА-да запастар жөнінде аумақтық комиссия құрсын ;

әкімшілік кеңесімен бірлесіп белгіленген тәртіппен құпиялылық дәрежесін шектей отырып еркін экономикалық аймақтың қойнауын зерделеу мен игерудің бағдарламасын әзірлесін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1992 жылғы 2 қыркүйектегі

N 734 қаулысымен

Бекітілген

Жезқазған облысындағы Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағы туралы

Ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 18 маусымдағы N 678-VII қаулысымен Жезқазған облысында құрылған Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағын (Ж-АЕЭА) құрудың мақсаттарын және шаруашылық қызметтің хұқылық негіздерін анықтайды.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ы Жезқазған облысы Жаңаарқа ауданының шекарасына орналасқан. Оған Жәйрем поселкесінің және Қаражал қаласының территориялары, Жәйрем және Атасу кенбайыту комбинаттарының өндірістік бөлімшелері, сондай-ақ Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының ұзақ мерзімге пайдаланатын жерлері қосылады. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның жалпы көлемі 12662 шаршы километр.

Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясы Қазақстан Республикасының ажырамас бөлігі болып табылады.

2-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ын құрудың мақсаттары:

- Аймақтың экономикасы оның табиғи, өндірістік және интеллектуалдық потенциалын жұмылдыру негізінде халықаралық еңбек бөлінісіне кешенді де тиімді түрде қатыстыру ;

- аймақтың өндіргіш күштерін жеделдете дамыту, кәсіпкерлік қызметті жандандыру, шетелдік капиталды, технологиялар мен басқару тәжірибесін қатыстыру, ғылыми-техникалық және сауда-экономикалық ынтымақтастықты

шет елдермен интенсивтендіру жолымен осы заманғы ғылым мен техника жетістіктерін игеру және өндіріске енгізу;

- аймақтың территориясында табиғат ресурстарын кешенді түрде ұтымды игеру, аймақтың және республиканың экспорттық мүмкіндіктерін ұлғайту, импортты алмастыратын өнімдер өндірісін дамыту;

- осы заманғы өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды жасау;

- халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасын арттыру негізінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешу.

Жәйрем-Атасу ЕЭА-ын құру мақсаттарын орындау шаруашылық жүргізудің жаңа нарықтық нысандарын дамыту, аймақтың экономикасын кәсіпкерлікті (оның ішінде шетелдік) ынталандыру, капиталды тарту, бірлескен кәсіпорындар, халықаралық акционерлік қоғамдар мен консорциумдар құру жолымен дүние жүзілік шаруашылыққа интеграциялау негізінде жүзеге асырылады.

3-бап. ЕЭА-ның территориясындағы заңды ұйымдардың және жеке адамдардың (шаруашылық жүргізуші субъектілердің) қызметі "Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Заңмен, Қазақстан Республикасының оған қайшы келмейтін заңдарымен және осы Ережемен реттеледі.

Қазақстан Республикасының заңдарында Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясындағы шаруашылық қызметтің жекелеген мәселелерін регламенттеу болмаған жағдайда ЕЭА туралы Ережеге тиісті өзгертулер енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдардың жалпы нормалары пайдаланылады.

4-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясы кедендік шекарасы бар біртұтас экономикалық кеңестік болып табылады.

Шекараны аймақ халқының, республиканың, басқа мемлекеттер азаматтарының басып өтуі, нақ осылай тауарлар әкелу және оларды шығару Қазақстан Республикасының шекара және кеден режимі ережелеріне сәйкес ЕЭА-ның басқару органдары белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

2-бөлім. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның басқару органдары

5-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясында халық депутаттары Жезқазған облыстық Кеңесі мемлекеттік өкімет болып табылады.

Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі ЕЭА территориясындағы жоғары басқару органы болып табылады, ол Жәйрем-Атасу ЕЭА территориясында тіркелген республикалық және жергілікті мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, бірлестіктердің өкілдерінен Жезқазған облысы әкімінің ш е ш і м і м е н қ ұ р ы л а д ы .

Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі Қазақстан Республикасының заңдары, осы Ереже мен халық депутаттарының Жезқазған облыстық Кеңесі бекітетін Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі туралы Ереже негізінде

6-бап. ЕЭА-ның әкімшілік кеңесінің төрағасы Кеңесті басқару мәселелері жөнінде халық депутаттары Жезқазған облыстық Кеңесінің бақылауында болады, Қазақстан Республикасының Президенті тарапынан тағайындалады, соған есеп б е р е д і .

7-бап. Халық депутаттарының Жезқазған облыстық Кеңесі өз құзырының шегінде ЕЭА-ның әкімшілік кеңесіне мемлекет меншігіндегі объектілерге (жер, су, жер қойнауы және басқа да табиғат ресурстары, ұзақ пайдаланылатын үйлер, ғимараттар) иелік ету хұқын беріп, мемлекет меншігіндегі объектілердің ұтымды пайдалануын бақылау хұқын өзіне қалдырады.

Өздеріне пайдалануға берілген жер учаскелерін және басқа да табиғи ресурстарды тиімді пайдалану шарттарын бұзған заңды ұйымдар мен азаматтар иесіне келтірген зиянның есесін қайтарып, экологиялық жағдайды қалпына келтіріп, одан әрі пайдалану хұқынан айырылады.

8-бап. ЕЭА әкімшілік кеңесінің құрылымы халық депутаттарының Жезқазған облыстық Кеңесі бекітетін басқару схемасымен анықталады.

Өз қызметінде аймақтық әкімшілік Кеңесі "Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақ туралы" Заңмен белгіленген міндеттерді орындайды, с о н д а й - а қ :

- табиғи зілзала, өндірістік апат, күйреу бола қалған кезде бақылауды жүзеге асырады және ЕЭА халқының қорғалуын ұйымдастыру үшін жауап береді, бейбіт уақытта қатер төніп, төтенше жағдайлар туған кезде халықтың барлық жіктерінің дұрыс іс-қимыл жасауға әзір болуын қамтамасыз етеді;

- ЕЭА-ны дамыту бағдарламасы әзірленіп, жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Бұл жөнінде шешім қабылдауды кәсіпкерлікті қолдау, бәсекені дамыту және монополизмді шектеу шараларын ескере отырып жүргізеді;

- республиканың Үкіметі анықтайтын халыққа білім берудің мемлекеттік стандарттарын, республиканың халық шаруашылығы үшін тиісті республикалық ведомстволармен шарттық негізде Жәйрем-Атасу ЕЭА территориясында орналасқан жоғары және арнаулы орта оқу орындарында кадрлар даярлануын қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

- тиісті ведомстволардың республика үшін әзірлейтіннен кем емес нормативтер бойынша оқу орындарын, тәрбие, емдеу-сақтандыру және санитарлық-гигиена мекемелерін қаржыландыруды жүзеге асырады;

- өзіне табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалану, өндірістік қызметтің аймақтың экологиялық жағдайына зиянды әсер етуін кеміту жөніндегі шараларды қамтитын айналадағы табиғи ортаны қорғаудың кешенді бағдарламаларын әзірлеуді және орындауды жүзеге асырады.

9-бап. Әкімшілік кеңесінің өз құзыры шегінде қабылдаған шешімдерін

Жәйрем-Атасу ЕЭА территориясында іс-қимыл жасайтын барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер орындауға міндетті.

ЕЭА әкімшілік кеңесінің, егер бұл қызмет Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін болса, шаруашылық жүргізуші субъектілердің шаруашылық, қаржы және өзге де қызметіне араласуына хұқы жоқ. ЕЭА әкімшілік кеңесінің шаруашылық жүргізуші субъектілерімен өзара қарым-қатынасының негізі - шарттар мен контрактілер.

10-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясында қосалқы аймақ территориясында әлеуметтік-экономикалық процестің тиімді басқарылуы мен бақылануын қамтамасыз ететін, олар үшін ерекше шаруашылық қызмет режимі белгіленетін мамандандырылған сауда, өндірістік және басқа қосалқы аймақтар құрыла алынады.

3-бөлім. ЕЭА-дағы шаруашылық қызметтің негіздері

11-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-да Қазақстан Республикасының заңдарымен және Ережемен тиым салынбаған болса, кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрлері жүзеге асырылады.

Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі мынадай негіздерде ғана:

- егер қызмет территория мен халықтың хауіпсіздігіне қатер төндірсек;
- егер қызмет жағдайы немесе оның нәтижесі белгіленген экологиялық талаптарға сәйкес келмесе;

- егер қызмет халықтың денсаулығына немесе адамгершілігіне нұксан келтірсе;

- егер қызмет тарих, мәдениет ескерткіштері мен табиғат ескерткіштерін сақтауға қатер төндірсек;

- егер қызметке Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шартпен тиым салынған болса, қызметтің жекелеген түрлеріне тиым сала алады.

12-бап. Шаруашылық жүргізуші субъектілер, оның ішінде ЕЭА территориясында тіркелген, сондай-ақ одан тыс жерлерде тұратын шетелдіктер де аймақ территориясы шегінде бірлесіп те, сондай-ақ дербес те инвестицияны жүзеге асыра алады.

Жәйрем-Атасу ЕЭА территориясынан тыс орналасқан кез келген заңды ұйымдардың заңда белгіленген тәртіппен тіркелгеннен кейін аймақта өз филиалдарын немесе жаңа кәсіпорындарын құруға хұқы бар.<*>

Ескерту. 12-баптың екінші бөлігіне өзгерту енгізілді - ҚРМК-нің 1995.10.13. N 1327 қаулысымен.

13-бап. Шетел инвесторлары Жәйрем-Атасу ЕЭА территориясында инвестицияны мынадай жолдармен:

- Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілерімен бірлесе ұйымдастырылған кәсіпорындарға өзіндік үлес қосу;

- өздерінің толық иелігіне жататын кәсіпорындар мен олардың филиалдарын
қ ұ р у ;

- мүлік, акциялар мен басқа да құнды қағаздарды сатып алу;
- жерді пайдалануға, соның ішінде ұзақ мерзімге жалдау туралы келісімдер
п а й д а л а н у ғ а х ұ қ ы қ а л у ;

- пайдалану хұқында және басқа да мүліктік хұқықтарда ылтифаттық жасау
ж о л ы м е н ж ү з е г е а с ы р а а л а д ы .

ЕЭА территориясында банкі мен сақтандыру салаларында шетел
инвестицияларымен кәсіпорындар құруға рұқсат етіледі.

Өнеркәсіптік және басқа кәсіпорындар, үйлер, ғимараттар, өзге мүлік,
кәсіпорындардың мүлкіне қатысу, акциялар мен басқа да товарлы белгілер,
ноу-хау фирмалық атаулар, шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін алынған
мүліктік хұқық пен табиғат ресурстарын пайдалану хұқығы ЕЭА
территориясындағы шетел инвестицияларының негізі бола алады.

14-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА территориясындағы шетел инвесторлары
қызметінің жағдайы Қазақстан Республикасының заңды ұйымдары мен
азаматтарының мүлкі мен мүліктік хұқығына белгіленген режимге қарағанда
қ о л а й с ы з д а у б о л а а л м а й д ы .

Аймақ территориясындағы шетелдік заңды ұйымдар меншігінің хұқықтық
кепілдігін Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі кепілді валюта қорын жасау
жолымен, сондай-ақ олардың меншіктеріне жататын мүлікті ұстау жолымен
қ а м т а м а с ы з е т е а л а д ы .

15-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-та қолда бар немесе құрылатын кәсіпорындар,
сондай-ақ ЕЭА территориясынан тысқары орналасқан аймақтағы қолда бар
немесе құрылатын кәсіпорындардың филиалдары, бөлімшелері мен өкілдіктері
заңда белгіленген тәртіппен тіркеуіне жатады.<*>

Заңды ұйым болып құрылмай, ЕЭА территориясында тұрақты жеке еңбек
қызметімен шұғылданатын азаматтар заңда белгіленген тәртіппен кәсіпкерлер
р е т і н д е т і р к е л е д і . < * >

ЕЭА-та жаңадан құрылатын кәсіпорындар, филиалдар, бөлімшелер,
өкілдіктер, қоғамдық және өзге ұйымдар тіркелгеннен кейін заңды ұйымдар
х ұ қ ы ғ ы н а л а д ы .

(4 - ш і б ө л і к) < * >

Жәйрем-Атасу ЕЭА территориясында тіркелген заңды ұйымдар мен жеке
адамдар Қазақстан Республикасының еркін экономикалық аймақтар туралы Заңы
, Қазақстан Республикасының оған қайшы келмейтін заңдары және осы Ереже
шаруашылық қызметтің субъектілеріне беретін барлық хұқықтармен
п а й д а л а н а д ы .

Ескерту. 15-ші бапқа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.10.13.

16-бап. Қазақстан Республикасының заңдары, осы Ереже немесе құрылтайлық (тіркеуші) құжаттарда алынған міндеттемелер бұзылған жағдайда Жәйрем-Атасу ЕЭА-тың әкімшілік кеңесі аймақ территориясында шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметін тоқтау туралы шешім қабылдауға хұқылы.<*>

Ескерту. 16-баптан сөздер алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.10.13. № 1327 қаулысымен.

17-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА территориясында тіркелген, Қазақстан Республикасының тікелей басқаруында болмайтын заңды ұйымдар дербес және ведомстволық бағыныштылықтан тәуелсіз болып табылады.

ЕЭА-тағы шаруашылық жүргізуші субъектілер өзінің шаруашылық қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болады.

Қазақстан Республикасы, халық депутаттарының Жезқазған облыстық кеңесі өз қызметін аймақта жүзеге асырушы шаруашылық жүргізуші субъектілердің міндеттемелері бойынша аймақ территориясында қаржы жауапкершілігін м о й н ы н а а л м а й д ы .

18-бап. ЕЭА-та орналасқан және (немесе) тіркелген экономикалық субъектілер жасайтын шаруашылық қатынастары шарттық негізде құрылады.

ЕЭА-ның шаруашылық жүргізуші субъектілері дербестікпен өндірістік бағдарламаларын жасайды және өндірген өнімдерін (қызметін) өткізеді. Меншікті өндірістің өнімі, егер Қазақстан Республикасының мемлекетаралық келісімдерінде өзгеше көзделмесе, оны өндірушілердің толық қарауына түседі.

ЕЭА-та Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетімен келісім бойынша іс жүргізу мен бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарын қ о л д а н у ғ а ж о л б е р і л е д і .

19-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА территориясында тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілер сыртқы экономикалық қызметін дербес жүзеге асырады, меншіктің түрлеріне қарамастан, отандық және шетел инвесторларының қатысуымен бірлескен кәсіпорындар құру мәселелерін шешеді.

20-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі ЕЭА территориясында іс-қимыл жасайтын Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттердің барлық азаматтарының, сондай-ақ кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің хұқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына кепілдік береді.

Инвестицияларды мемлекет меншігіне алуға, сондай-ақ заңға негізделмеген зорлықпен тартып алу жөніндегі басқа да шараларға жол берілмейді. Сондай-ақ инвестор оның міндеттемелерін өтегенге дейін мүлкін шығару хұқын уақытша тоқтата тұруды қоспағанда, инвесторланған мүлікке тиым салуға жол берілмейді. Зорлықпен тартып алу сот шешімі бойынша ғана жүзеге асырыла алады.

21-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА территориясында тіркелген шаруашылық

жүргізуші субъектілерге, шаруашылық режимі өзгеріске ұшырай қалса, бір жыл бойында олардың тіркелген кезге сәйкес жағдайлар бойынша қызметін жалғастыруға хұқылы болатынына кепілдік беріледі.

22-бап. Өздерінің қызметін ЕЭА территориясында жүзеге асырушы Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттердің заңды ұйымдары мен азаматтарына лауазымды адамдардың, мемлекеттік және өзге де органдардың орынсыз килігуі салдарынан келтірілген зияндар соттың немесе төрелік соттың шешімі бойынша осы органдар немесе лауазымды адамдар тарапынан өтелуге т и і с .

23-бап. ЕЭА-та іс-қимыл жасайтын шетел инвесторларына салықтарын төлегеннен кейін олардың табыс түрінде, сондай-ақ шетелдік инвестициялары бар кәсіпорынның жарғы қорындағы үлестің бәрін немесе оның жойылуына байланысты алынған сомаларды шетелге аударуға немесе тиісті валютамен төлем жасауына кепілдік беріледі.

Шетелдік инвесторлардың Жәйрем-Атасу ЕЭА территориясындағы қызметі нәтижесінде ұлттық валютамен алған табыстары аймақ территориясында еркін түрде қайтадан инвестициялана және пайдаланыла алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Ережеде көзделген тәртіппен шетелдерге а у д а р ы л а а л а д ы .

24-бап. Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен Жәйрем-Атасу ЕЭА әкімшілік кеңесі арасындағы даулар Қазақстан Республикасының сот және төрелік органдарына немесе тараптардың келісімімен, аралық сотта қаралады.

25-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-да тіркелген отандық және шетел инвесторлары мүлікті қосалқы жалдау хұқы мен мүліктік хұқы бар және жалдау келісіміне қол қойған тараптардың немесе олардың заңды ізбасарларының өзара келісімімен п а й д а л а н у х ұ қ ы н б ө л і с е а л а д ы .

Отандық және шетел инвесторларымен жерді және басқа табиғат ресурстарын, үйлерді, ғимараттарды, жабдықты, өнеркәсіп және басқа кәсіпорындарды пайдалану жөніндегі жалгерлік келісімдерді тек қана осы келісімдерге қол қойған тараптардың немесе олардың заңды ізбасарларының өзара келісімімен не соттың шешімімен ғана қарауға болады.

26-бап. Инвесторлар пайдалану хұқы мен меншікті мүлкін, "Кепіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес олардың заемдық валюта қаржысын тартуды қосқанда, міндеттемелердің барлық түрлеріне кепілдік қамтамасыз ету р е т і н д е п а й д а л а н у ы н а б о л а д ы .

27-бап. ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі белгіленген тәртіппен аймақта тіркелген, шаруашылық және өзге коммерциялық қызметті жүзеге асыратын отандық және шетел заңды ұйымдары мен азаматтарына өзге де жеңілдіктер жасауға:<*>

Ескерту. 27-баптағы бірінші абзацынан сөздер алынып

тасталған - ҚРМК-інің 2.08.1995 ж. N 1069

қаулысымен.

- негізгі өндірістік қорлардың жекелеген топтары бойынша жеделдетілген амортизация нормасына (жылына 20 процентке дейін) рұқсат етуге;

Ескерту. 27-баптың үшінші абзацы алынып тасталған - ҚРМК-інің 2.08.1995 ж. N 1069 қаулысымен.

- коммуналдық және көлік қызметтері үшін ақы төлеу тарифтерінің төмендетілген ставкалары енгізілсін;*>

Ескерту. 27-баптың 4-абзацы жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-інің 2.08.1995 ж. N 1069 қаулысымен.

- жаңа жұмыс орындарын ашуға жәрдем беруге, жергілікті зерттеу мекемелерімен ынтымақтаса отырып, бірлескен ғылыми-ізвестіру жұмыстарын жүргізуге;

- ЕЭА-да орналасқан банктерден және басқа заңды ұйымдардан алынған заемдар мен несиелер жөнінде кепілдіктер беруге;

- жаңа кәсіпорындар құрылысын тікелей қаржыландыру үшін облигациялар шығаруға рұқсат етуге;

- инфрақұрылым объектілерін жеңілдікпен немесе тегін пайдалануға рұқсат етуге;

- құрылыс иелерін 5 жыл мерзімге дейін жергілікті салықтың белгілі процентінен босатуға;

- табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемдер бойынша жеңілдіктер белгілеуге хұқы бар.

28-бап. Әкімшілік кеңес Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясында Қазақстан Республикасының тиісті заң актілерімен және нормативтерімен белгіленген, ЕЭА-ның территориясындағы барлық басқару және шаруашылық жүргізуші субъектілер орындауға міндетті табиғат пайдалану, айналадағы табиғи ортаны қорғау ережелерін, санитарлық-гигиеналық және жұқпалы ауруларға қарсы ережелерді, зиянды заттардың, радиацияның, дірілдің, шудың және тағы басқалардың шекті мөлшерде шоғырлану деңгейін қамтамасыз етеді.

Табиғатты пайдалануға байланысты шаруашылық шешімдерін қабылдас бұрын жобаларды мемлекеттік экологиялық, санитарлық-гигиеналық сараптау немесе тиісті ресурстар негіздемелері жасалуы қажет.

29-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА территориясында орналасқан кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге, меншік түрлеріне қарамастан Қазақстан Республикасының Мемстаткомы бекіткен мемлекеттік статистикалық есеп беру қолданылады және ол есеп беру ақпарат жіберушінің қаржысы есебінен жүзеге асырылатын мемлекеттік ақпарат салығы болып саналады.

4-бөлім. Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағындағы меншік қатынастары

және жекешелендіру шарттары

30-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясында меншіктің барлық түрлері танылады және заңмен қорғалады, олардың теңдігі қамтамасыз етіледі.

ЕЭА-ның территориясындағы жер сатылмайды. Әкімшілік кеңес шаруашылық жүргізуші субъектілерге жерді және басқа да табиғи ресурстарды пайдалануға және жалға беру хұқын белгілейді.

31-бап. Қазақстан Республикасының меншігіндегі және тікелей басқаруындағы Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясындағы мемлекеттік меншік объектілерінің (темір жол, әуе, теңіз және магистральды труба құбыры көлігі, республиканың біртұтас энергетика жүйесінің элементтері) жұмысын ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі республикалық меншіктің басқа да объектілері, оның ішінде мемлекет республикалық басқару органдарымен ынтымақтастық шарттары негізінде үйлестіріп отырады.

32-бап. Жәйрем-Атасу әкімшілік кеңесінің аймақ территориясындағы республикалық меншік объектілерін мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөнінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті жасаған жалды республикалық бағдарламаға енгізуге хұқы бар.

ЕЭА-ның территориясында орналасқан мемлекеттік меншік объектілерін мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру барысында алынған қаржы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бөлінеді.

Қазақстан Республикасының иелігіндегі акцияларды (жарналарды) өткізуден жекешелендіру барысында алынған қаржыны тиімді әрі нысанаға пайдалану мақсатында Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісімімен оларды ЕЭА-ны экономикалық және әлеуметтік дамытудың арнайы құрылған қорына, сондай-ақ ЕЭА-ның кепілдік валюта қорына ішінара жинақтай алады.

33-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі қор корпорациясын құра алады, оның мақсаты ЕЭА территориясының шегінде табиғат ресурстарын шаруашылық жолмен игеру болып табылады. Корпорация заңдарында көрсетілген шеңберде жүзеге асырады.

Қор корпорациясы акциясының бақылау пакеті Қазақстан Республикасының қарамағында болады. Бақылау пакетіне иелік ету хұқы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісімімен Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесіне беріледі.

Өз қызметін жүзеге асыру үшін корпорация отандық және шетелдік заем қаржысын тарта алады, Қазақстан Республикасының территориясында және одан

тыс жерлерде тарату үшін акциялар мен облигациялар шығара алады, инвестициялық қызметті жүзеге асыра алады және кәсіпорындар мен банктер құруға немесе құрысуға қатыса алады.

Корпорацияның қаржы операцияларын, сондай-ақ оның бағалы қағаздармен операцияларын Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкінің еркін экономикалық аймақтағы тиісті бөлімшесі бақылап және реттеп отырады.

34-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі аймақ территориясында табиғи ресурстардың кен орындарын барлау мен талдауды Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы кодексіне сәйкес реттеуді қамтамасыз етеді.

35-бап. Жер учаскелерін, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ресурстарын пайдалануға, сондай-ақ Жәйрем-Атасу ЕЭА территориясындағы табиғат ресурстарын барлау мен талдауға байланысты шаруашылық қызметі мемлекеттік экологиялық сараптаудан өткен жобалар немесе тиісті ресурстық негіздемелер және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен аймақтың әкімшілік кеңесі беретін лицензиялар негізінде жүзеге асырылады.

Аталған лицензияларда пайдалы қазбаларды ұқсатудың нақты шарттары, оған қоса өңдеуші кәсіпорындардың салықтары мен басқа да төлемдерінің түрлері мен мөлшері көрсетіледі. Кен орны үшін төленетін ақының мөлшері белгіленген кезде геологиялық барлау жұмыстарына және минерал-шикізат базасын жаңғыртуға кеткен шығынның орнын толтыратын қаржы мөлшерінде ескеріледі.

36-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі төлем шартымен табиғатты пайдалануды ұйымдастырады, сондай-ақ ЕЭА территориясындағы табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы шаруашылық қызметті реттеу тәртібін б е к і т е д і , о л :

- түрлі деңгейдегі басқару органдарының кен қазу және оны пайдалану ережесінде қарама-қайшылықты және дүдәмалдықты болдырмайтын құзырының а р а - ж і г і н а ш ы п к ө р с е т у д і ;

- шетел инвесторларын қоса алғанда барлық шаруашылық субъектілерінің бұрын айтылған жәйттерден басқа уақыттың бәрінде табиғат ресурстарын іздеуге , барлауға және пайдалануға хұқ алуға бірдей пұрсаты болуын;

- Қазақстан Республикасы бойынша тұтас алғанда төлемнің көлемі және дүние жүзілік практикада ескерілген оның мөлшері мен түрлерін көздейді.

5-бөлім. Салық салу, валюта және қаржы-несие тетігі

37-бап. Еркін экономикалық аймақта Қазақстан Республикасының салық жүйесі қолданылады. < * >

*Ескерту. 37-бап. жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-інің
2.08.1995 ж. N 1069 қаулысымен.*

Ескерту. 38 және 39-баптар алынып тасталған - ҚРМК-інің 2.08.1995 ж. N 1069 қаулысымен, 40-70-баптар тиісінше 38-68-баптар болып с а н а л с ы н .

40-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның дербес бюджеті мен төлем балансы бар.

ЕЭА Қазақстан Республикасының төлемдік міндеттемелері жөнінде өзіне жауапкершілік алмайды, сондай-ақ республикада Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның және оның территориясында тіркелген, жеке еңбек қызметімен айналысатын заңды ұйымдар мен азаматтардың міндеттемелері жөнінде де өзіне жауапкершілік а л м а й д ы .

41-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА бюджетінің табыс бөлігі "Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Заңға, оған қайшы келмейтін "Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы", "Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы" заңдарының ережелеріне және басқа да тиісті заңдарға сәйкес қалыптасады. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкінің бөлімшесімен бірлесіп белгілейді.

42-баптың қазақша мәтіні жоқ.

Статья 42. Административный совет Жайрем-Атасуйской СЭЗ по согласованию с соответствующими органами управления республики может устанавливать порядок отчислений от валютной выручки зарегистрированных на территории зоны предприятий без иностранных инвестиций или с долевым иностранным участием менее 30 процентов, направляемых на формирование гарантийного валютного фонда СЭЗ и фонда социальной защиты населения.

43-бап. Қажетті қаржы ресурсын жұмылдыру мақсатында Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі бюджеттік несие беру туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне тілек білдіруге хұқылы.

44-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі республикасының тиісті басқару органдарының келісуі бойынша шетелдік инвестициясыз немесе шетелдіктердің үлесті қатысуымен аймақ территориясында тіркелген кәсіпорындардың валюталық түсімінен 30 процентке жуығын ЕЭА-тың кепілді валюта қоры мен халықты әлеуметтік қорғау қорын қалыптастыруға бағытталатын аударым тәртібін белгілей алады.

45-бап. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі банкті тіркеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкті ашуға берген рұқсатының негізінде жүзеге асырады. < * >

Ескерту. 45-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1996.02.15 N 209 қаулысымен .

46-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-дағы тұрақты ақша айналысын, несие-қаржы

жүйесінің қызметіне кешенді де тиімді бақылау мен басқаруды қамтамасыз ету үшін аймақтың территориясында Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкінің бөлімшесі жұмыс істейді, ол өзінің қызметінде тек қана Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкіне есеп береді.

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.02.15
N 209 қаулысымен .

47-бап. Қазақстан Республикасы Ұлтмембанкінің бөлімшесі аймақтың территориясында белгіленген тәртіппен шетел банктерінің бөлімшелері мен филиалдарын және шетелдіктердің қатысуы бар банктерді қосқанда банктер мен басқа да несиелік-мекемелердің тіркелуін жүзеге асырады.

48-бап. Коммерциялық банктер мен шетелдіктердің қатысуы бар банктердің қызметін "Қазақ КСР-інде банктер мен банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлтмембанкінің бөлімшесі лицензиялайды.

49-бап. ЕЭА-ның ішкі нарығындағы айналымда Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы жүреді.

Шетел валютасы мен шетел валютасындағы төлем құжаттарын пайдалануға Қазақстан Республикасының Ұлтмембанкі белгіленген тәртіппен аймақ әкімшілігінің кеңесімен келісім бойынша жол беріледі.

50-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның шетел мемлекеттерімен есеп айырысуы тараптардың келісуі бойынша кез келген валютамен жүргізіледі.

51-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясында шетел валютасының қолма-қол қолданылмай айналыста болуына жол беріледі. Қолма-қол қолданыс нысанында болмайтын шетел валютасын алу және онымен есеп айырысуды жүзеге асыру хұқы аймақтың территориясында тіркелген, іс-қимыл жасайтын және тұратын барлық заңды ұйымдар мен азаматтарға қолданылады.

52-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-да іс-қимыл жасайтын шетелдік инвесторлардың қолданып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық территориясында тиісті қаржыны жұмсауға хұқы бар республикалық және шетелдік валютамен банктерде шоттары бола алады.

Аймақта іс-қимыл жасайтын инвесторлар өз шоттарындағы республика валютасындағы сомаларын шет елге аудару үшін, аймақта бекітілген сату, сатып алу нысандары шеңберінде қалыптасқан бағамдары бойынша (биржалық сауда, аукцион және басқа да нысандары) шетел валютасын сатып ала алды.

53-бап. Әкімшілік кеңесінің Қазақстан Республикасы Ұлтмембанкінің келісуі бойынша меншік нысандарына қарамастан, кәсіпорындарға, бірлестіктер мен ұйымдарға, шетелдіктердің қатысуы бар кәсіпорындарға, азаматтарға ЕЭА территориясында арнайы сауда мен қызмет көрсетуді жүзеге асыруына рұқсат беруге хұқы бар.

54-бап. Аймақ территориясында тауарлар мен қызмет көрсетудің барлық түрлеріне еркін баға түзу режимі жүреді.

**6-бөлім. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның кеден
режимінің және Қазақстан Республикасының
басқа аймақтарымен және шетел
мемлекеттерімен тауар айырбасының
негіздері**

55-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясында айрықша кеден режимі қолданылады.

ЕЭА-ның территориясында кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін аймақтың әкімшілік кеңесіне бағынатын арнаулы кеден басқармасы құрылады.

ЕЭА-ның кеден басқармасының қызметі "Қазақ КСР-індегі экономикалық аймақтар туралы" Заңмен, Қазақстан Республикасының оған қайшы келмейтін заңдарымен реттеледі және ЕЭА-ның бюджеті арқылы қаржыландырылады.

56-бап. ЕЭА-ның территориясында, сондай-ақ одан тыс жерлерде орналасқан отандық және шетелдік шаруашылық субъектілер арасында тауарлар мен қызмет алмасу Қазақстан Республикасының заңдарында жол берілген кез келген товар алмасу операциялары нысанында жүзеге асырылады.

Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі аймақтан қосымша өңдеусіз әкетілген шикізат тауарларының тізбесі мен квотасын айқындап беруге хұқылы.

57-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясына тауарлар мен қызмет түрлерін әкелуге тауарлар мен қызмет түрлері территория мен халықтың хауіпсіздігіне қатер төндіретін, экология және техникалық стандарттарға сай келмейтін, халықтың денсаулығына, азаматтардың адамгершілігіне, мәдениет пен табиғат ескерткіштерінің сақталуына қатер төндіретін жағдайлардан басқа уақытта шек қойылмайды.

58-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясында өндірілген тауарларды экспортқа шығарғанда, Қазақстан Республикасының үкіметаралық келісімдерімен әкетілуі шектелген тауарлардан басқалары, квоталау мен лицензиялаудан босатылады.

Тауар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тиісті Ереженің талаптарын қанағаттандырса, аймақта өндірілген болып саналады.

59-бап. Аймақта пайдалануға арналған тауарлар мен қызмет түрлерінің импорты, Қазақстан Республикасының арнаулы ережелері мен үкіметаралық келісімдері бойынша импорты жүзеге асырылатын тауарлардан (қызмет түрлерінен) басқалары, квота мен лицензиядан босатылады.

Импортқа әкелінген тауарларды Қазақстан Республикасының өзге аймақтарының және басқа мемлекеттердің территорияларына кейіннен қайталап экспортқа шығару жалпы негізде жүзеге асырылады.

Аймақ территориясы бойынша теміржол, авиация және теңіз көлігі арқылы жүзеге асырылатын өткінші жүктер мен жолаушыларды тасымалдау, сондай-ақ байланыс қызметі мен электр қуатын тұтыну Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен тарифтер бойынша төленеді және оларға аймақтың әкімшілік кеңесі белгілеген салық және кедендік баж салықтары с а л ы н б а й д ы .

Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясы арқылы Қазақстан Республикасының өзге өңірлеріне тауарларды экспортқа және импортқа шығару қандай да болсын кедендік баж салықтарынсыз жүзеге асырылады.

7-бөлім. Жәйрем-Атасу ЕЭА-дағы еңбек қатынастары

60-бап. Еркін экономикалық аймақта Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарының ЕЭА туралы заңға қайшы келмейтін ережелері қолданылады.

61-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясында тіркелген және өзінің қызметін аймақтың әкімшілік кеңесі белгілеген басымдық тәртібімен жүзеге асыратын заңды ұйымдар мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер аймақтың кәсіпорындарында жұмыс істеу үшін жергілікті еңбек ресурстарын қатыстырады және оларды оқыту мен қайта мамандандыруға қатысады.

Қазақстан Республикасының азаматтарын оқыту мен қайта мамандандыруға жұмсалатын пайданың бір бөлігі Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесінің шешімі бойынша салықтан босатылуы мүмкін.

62-бап. ЕЭА-ның кәсіпорындарындағы жалдау және босату, еңбек ету мен демалу режимі, әлеуметтік кепілдіктер мен өтемдер мәселелерін қосқанда, еңбек қатынастары ұжымдық шарттармен (келісімдермен) және жеке еңбек шарттарымен (контрактілермен) реттеледі.

Ұжымдық және жеке еңбек шарттарының жағдайлары Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясында тіркелген және жұмыс істеп жатқан кәсіпорындар мен ұйымдар қызметкерлерінің ахуалын Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген шарттармен салыстырғанда нашарлатып жіберуге тиіс емес.

Еңбекақы төлеудің шарттары мен мөлшерін, сондай-ақ қызметкерлер табысының басқа да түрлерін өз қызметін шаруашылық есеп негізінде жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдар өздерінің қаржысы есебінен дербес белгілейді; бюджеттік ұйымдар мен мекемелер - ЕЭА-ның бюджеті мен жергілікті бюджеттер қаржыларының есебінен белгілейді.

Кәсіпорындардың шетелдік қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, демалыстар беру, зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелері жеке контрактілермен анықталады. Бұл қызметкерлердің шетел валютасымен алған табыстары ешқандай бөгеусіз аударыла береді.

63-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясында тіркелген және іс-қимыл жасайтын заңды ұйымдардың өздері құрайтын валюта қорының есебінен жұмысшылар мен мамандарға жалақыны шетел валютасымен төлеуге хұқы бар, бұл сома ЕЭА-ның банктеріндегі арнаулы шоттарға аударылады және аймақтың мамандандырылған дүкендерінде пайдалану үшін атаулы чектер, несиелік кәртішкелер және басқа да төлемдер қаражаты ретінде төленеді, сондай-ақ шетелдерге сапарға шыққан кезінде осы шоттардың иелерінің қолдарына беріледі.

64-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-да белгіленген ең төменгі жалақы, жергілікті зейнетақылар, жәрдемақылар және әлеуметтік қамсыздандырудың басқа да нысандары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгендегіден төмен болмауы тиіс.

Қосымша төлемдердің мөлшерін әкімшілік кеңесі белгілейді және ол ЕЭА-ның бюджеті қаржыларының есебінен жүзеге асырылады.

65-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-да тұратын азаматтар үшін жалақыға қосылатын аудандық коэффициенттер сақталады.

Бұл жеңілдіктерді қаржыландыру белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

66-бап. Қысқартуға немесе кәсіпорынның таратылуына (қайтадан құрылуына) байланысты жұмыстан босатылған жағдайда ЕЭА-ның жұмысшылары мен қызметшілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен төмен емес мөлшерде жұмыссыздығы жөнінде жәрдемақы төленеді.

Жұмыссыздығы жөніндегі жәрдемақы тағайындау шарттары мен төлеу тәртібін Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтайды.

8-бөлім. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ға келу және кету тәртібі

67-бап. ЕЭА-да шетел азаматтарының келуі, кетуі мен болуының оңайлатылған режимі қолданылады.

68-бап. ЕЭА-да тіркелген заңды ұйымдардың шетел азаматтарын шақыру және қызмет бабымен өз қызметкерлерін шетелдерге іссапарына жіберу жөнінде ешқандай шектеусіз дербес шешімдер қабылдауға хұқы бар.

ЕЭА-да тіркелген заңды ұйымдардың өкілдерінің және оның территориясында тұратын азаматтардың аймақтың территориясына еркін кіруге хұқы болады.

69-бап. Хұқық қорғау органдарының Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның территориясындағы қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

9-бөлім. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның мәртебесін өзгерту мен қызметін тоқтату

70-бап. Жәйрем-Атасу ЕЭА-ның мәртебесін өзгертуді, сондай-ақ оны таратуды Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК